

Жұмағұлова А.Ж.  
**Тілдік қатынас түрлері**

Мақалада коммуникацияның, яғни тілдік қатынас түрлерінің жалпы тіл білімінде вербалды және бейвербалды терминімен түсіндірілген түрлері туралы баяндалады. Автор коммуникация терминінің мағыналық аясы мен тіл білімі ғылымының бір саласы ретінде тілге қатысты мағынасын ашу арқылы оның күрделі процесс ретіндегі үш құрамына тоқталады. Мақала авторы қазақ тіл білімінде «вербалды және бейвербалды коммуникация» терминдері «тілдік қатынас және тілсіз қатынас» терминдерімен түсіндіретінін атап өтіп, олардың өзара ортақ белгілері мен айырмашылықтарына да тоқталып өтеді. Мақалада автор тілдік қатысымның ауызша және жазбаша түрлері туралы, тілдік тұлғалар мен қатысымдық тұлғалар туралы да баяндайды.

**Түйін сөздер:** коммуникация, тілдік қатынас, тілсіз қатынас, баяншы, хабар, тұлға, қабылдаушы.

---

Zhumagulova A.Zh.  
**Verbal and nonverbal communication**

The article examines the question about verbal and nonverbal communication A. Zhumagulova of which is studied within the framework of general linguistics. Author reviews about the term «communication» in relation to a linguistic sphere, and tells about composition as the most difficult process of linguistic communication. The author explains such terms as «verbal and nonverbal» communication «linguistic relation» and «non-linguistic contact», and describes their general features and differences. The author also tells the role of language event and the implementor addressee, sender, channel, report and the in function.

**Key words:** communication, linguistic contact, non-linguistic contact, news, individual, addresser.

---

Жұмағұлова А.Ж.  
**Виды языковой коммуникации**

Автор статьи рассматривает вопрос о вербальной и невербальной коммуникации, которую изучают в рамках общего языкознания. Автор, раскрывая смысл термина «коммуникация» по отношению к языковой сфере, рассказывает о его составных как о самом сложном процессе языковой коммуникации. Автор напоминает, что эти же термины в казахском языкознании заменяют термины «тілсіз қатынас» и «тілдік қатынас» и определяют их общие признаки и отличия. Автор также рассказывает о роли адресата, адресанта, канала, сообщения и кода в речевом событии. В статье автором также определяются и рассматриваются роли языковых и коммуникационных единиц в речевом акте.

**Ключевые слова:** коммуникация, вербальная коммуникация, невербальная коммуникация, адресат, адресант, сообщение.

## ТІЛДІК ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІ

Адамдардың өзара қарым-қатынас жасап, ой-пікірлерімен алмасып, өзара түсінісуінің бірден бір құралы – тіл. Сондықтан да тілдің қоғам өмірінде алатын орны ерекше және ол қоғам өмірінің өзгеруімен қатар үнемі дамып отырады. Тіл – адамдардың тілдік қарым-қатынас жасауының басты тірегі.

«Тілдік қатынас – тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсінісу; яғни адамзаттың тіл арқылы сөйлесім әрекетін меңгеруі» [1,47]. Тілдік қатынас, яғни «коммуникация» адамдардың өзара түсінісуі ғана емес, топтық түсінісу, ал осы топтық пікір алмасу біртіндеп қоғамдық түсінісуге алып келеді. Осылай ол адамның қоғамдағы орнын нақтылайды, қоғамдық қарым-қатынастың фундаментін қалайды, қоғамдық-әлеуметтік пікірлесудің негізін салады.

Тіл білімінде «тілдік қатынас» ұғымы «коммуникация» термині аясында түсіндіріледі. Ал «коммуникация» терминінің тілдің қызметіне байланысты білдіретін мағынасы І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың «Лингвистикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігінде»: «Коммуникативная функция предложения – сөйлемнің коммуникативтік функциясы» /лат. Communication – қатынас, байланыс/ Сөйлемнің байланыстық, қатынастық қызметі/.

Коммуникативная функция языка – тілдің коммуникативтік функциясы. Тілдің қатынас қызметі. Тіл адамдардың бір бірімен сөйлесіп, пікір алысатын қатынас құралы», – деп түсіндіріледі [2,81].

Коммуникацияға қатысты теорияның да қалыптасу, даму секілді тарихи кезеңдері болды. Ғалымдардың әр тараптан (М. Бубер, К. Ясперс.) көзқарастық тұрғыдан, (М. Вебер) футурологиялық бағытта зерттелуі, сондай-ақ осы мәселенің А.Тоффлер еңбектерінде талдануы нәтижесінде, коммуникация ғылыми бағыт ретінде зерттеу айналымына түсті. Нәтижесінде ХХ ғасырдың басында ғылыми еңбектерде коммуникацияның тілдік қарым-қатынасқа қатысты үш мазмұны нақтыланды:

- Қарым-қатынас – кез келген материалды-рухани әлем объектісінде байланыс құралы;
- Қатынас адамнан адамға берілетін ақпарат (жеке аралық коммуникация);

- Қатынас және қоғамдық ақпаратпен алмасу (әлеуметтік коммуникация).

Тіл білімінде тілдің қатысымдық жағын түбегейлі зерттеуге ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап қана көңіл аударыла бастады. Бұл ретте шет ел ғалымдарымен қатар орыс тіл білімі ғалымдарының қосқан үлесі зор (Э.П.Шубин, Ю.В.Фоменко және т.б.). Ал қазақ тіл білімінде тілдік коммуникация мәселесі ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарының аяғында ғана зерттеле бастады. Осы мәселені қазақ тіл білімінде көтерілмеген сұрақ ретінде жеке қарастырып, арнайы зерттеген ғалым – Ф.Ш. Оразбаева. Ғалым алғаш рет қазақ тіл білімінде тілдік қатынастың негізгі сипатын баяндап, құрамы мен басты қағидаларын нақтылап, оны қолдандың әдіс-тәсілдерін ұсынды. Нәтижесінде тілдік қатынас, яғни орыс тіл білімінде «языковая коммуникация» ұғымын білдіретін тіл білімі саласының терминдері қазақ тіл білімінде ғылыми айналымға түсіп, қолданысқа енді.

Тілдік қарым-қатынасты анықтаудың күрделі процесі мынадай үш құрамнан тұрады:

1. Коммуникативтік қатынас (адамдармен ақпарат алмасу).

2. Интерактивтік қатынас (жеке адам мен ұйым арасындағы әрекет).

3. Перцептивтік қатынас (серіктестердің қатынас кезінде өзара түсінісуі мен өзара түсінушілікті орнатуы).

Жалпы адамдардың қарым-қатынасына қатысты процесті вербалды және бейвербалды деп екіге бөліп қарастырады. Қазақ тіл білімінде бұл мәселені ғалым Ф.Оразбаева тілдік қатынас және тілсіз қатынас деп қарастырады да, олардың ұқсас жақтарын атап өтеді. «... олардың екеуі де, біріншіден, адамдар арасындағы қатынасқа қызмет етеді. Екіншіден, тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір дерек, ой, мағлұмат хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты болуы мүмкін. Үшіншіден, тілдік қатынас та, тілсіз қатынас та адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады» [1,45].

Бейвербалды, яғни тілсіз қатынастар семиотикалық таңба-белгілер арқылы, адамдардың өзара ыммен түсінісуі арқылы, адамның көз, ауыз, қабақ қимыл-қозғалыстары арқылы, жалпы бет-әлпеттің өзгеруі нәтижесінде жүзеге асады. Бұл әрекеттердің барлығы да тікелей адамның қатысуымен өмірде, қоғамда орын алады.

«Бейвербалды қарым-қатынас – бұл сөздер мен басқа да тілдік бірліктерге сүйенбейтін ым-ишара тілі. Адамның бейвербалды емес сигналдар жүйесіне ым-ишара, жестер, позалар, шартты

белгілер және т.б. жатады. Бейвербалды амалдардың негізгі типтері: кинесика, просодика, такесика, проксемика. Бейвербалды қарым-қатынасты зерттейтін сала – паралингвистика» [4].

Ғалым Э.П.Шубин тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың өзара байланысы туралы былай дейді: «Во-первых, языковая коммуникация универсальна, поскольку она обслуживает все сферы умственной и физической деятельности людей, неязыковая же коммуникация используется либо в специальных ситуациях, либо как вспомогательная по отношению к языковой. Во-вторых, языковая коммуникация первична, поскольку на ней базируется само мышление человека; трудно представить себе такой вид неязыковой коммуникации, который осуществлялся бы без психологического вмешательства знаков языка /точнее их образов/» [5,14]. Ғалымның айтуынша, бейвербалды қатынастан тілдік қатынастың айырмашылығы мынада: тілдік қатынас әмбебап, жан-жақты, өйткені ол адамдардың барлық саналық және физикалық әрекеттеріне қызмет етеді. Сондай-ақ, тілдік қатынас бірінші пайда болады, демек алғашқы кезеңде тұрады, өйткені адамның ойлау қабілеті оған негіз болады. Ал тілдік емес бейвербалды қатынас арнайы жағдаяттарда (көшедегі жол белгілері, адамға белгілі бір жағдаяттан хабар беретін әр түрлі таңбалар және т.б.) немесе тілдік қатынасқа қосымша ретінде қолданылады.

Тілдік қатынас ұғымы тілсіз қатынас ұғымынан күрделі және жан-жақты, терең қарастыруды талап етеді. Тілдік қатынас дыбыс арқылы айтылып, әріп арқылы таңбалану нәтижесінде жүзеге асатындықтан, лингвистикада тілдік қатынастың берілу жолдарын ауызша және жазбаша деп қарастырады. Екі жағдайда да хабар маңызды рөл атқарады. Егер ауызша тілдік қатынас дыбыстау арқылы айту және тыңдау әрекеттеріне ұласса, жазбаша тілдік қатынас таңбалау арқылы жазу және оқу әрекетіне ұласады.

Лингвистикада тілдік қатысымның жүзеге асуында тілдік тұлғалар мен қатысымдық тұлғалардың атқаратын қызметі маңызды болып табылады. Тілдік қатынастағы тілдік тұлғаларға не жатады деген сұрақ та лингвистикада қарама-қайшы пікірлер туғызды. Ал ғалым Ф.Оразбаева: «Тілдік тұлғалар – адамзат тілінің сақталуы мен өмір сүруіне қызмет ететін, сөйлеу мүшелері (дыбыстау мүшелері) арқылы жасалатын, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қасиеттерге ие болатын, таңбалық сипаты бар тілдің құрылымдық бірліктері», - деген анықтама береді. Демек, тілдік тұлғаларға қатысты

қарама-қайшы пікірлер болғанмен, тіл білімінде тілдік тұлғаларға фонеманы, морфеманы, сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді жатқызады да, ЖОО-ның тіл біліміне қатысты оқулықтарында осы бағытта қарастырады. Ал қатысымдық тұлға дегеніміз – тіл арқылы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, белгілі бір ортамен араласу жағдайында жүзеге асатын, тиянақты ойды хабарлау және қабылдау қасиеті бар, ерекше деңгейге көтерілген тілдік тұлғалардың қатысынан тұратын, қарым-қатынастық мәні бар бірліктер», - деп атап өтеді ғалым [1,63]. Тілдік қатынаста маңызды рөл атқаратын қатысымдық тұлғаларға ғалымдар сөзді, фразеологиялық тіркестерді, сөйлем және мәтінді жатқызады. Жалпы алғанда Сөз тілдік тұлға ретінде де, қатысымдық тұлға ретінде де тілдік қатынасты аса маңызды қызмет атқарады. Себебі, сөз тілдік қатысымға негіз болады, оның жүзеге асуының бірден бір себепшісі. Сөздің осы қасиетіне қатысты да ғалымдар арасында пікір қайшылықтары бар. Әрине, «тиянақты ойды білдіретін сөздердің тобы сөйлем екені» белгілі. Бірақ, сөйлем сөзден құралатыны да ешбір қарсылық туғызбайтын шындық. Олай болса, сөз жеке тұрғанда атау тұлғада тұрып, бірнеше мағынаны (тура, ауыспалы, синонимдік т.б.) білдіргенмен, белгілі бір ойды жеткізу мақсатында сөйлем құрамында қолданысқа түскенде, жеткізушінің ойына байланысты нақтылы бір мағынаны көрсетеді де, ортақ мақсатқа жеткізер мазмұнға қызмет етеді. Мұндай жағдайда сөздің атаулық тұлғадан гөрі қатысымдық тұлғаға тән белгілері нақты көрініс табады да, сөз тілдік қатысымның жүзеге асуына ықпал етеді. Тілдік қатысымды жүзеге асыру барысында сөз басқа қатысымдық тұлғалардың жасалуына негіз болады. Сөз арқылы берілетін мағына тілдік қатысымдағы хабардың мазмұнына ұйытқы болады.

Сонымен, тілдік қатынас қарапайым тілмен айтқанда сөйлеу арқылы жүзеге асады. Мұнда тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық бірліктерінің барлығы қатысу арқылы, сөйлеу актісі жүзеге асырылып, белгілі бір хабар, ақпарат жеткізіледі. «Тілдік қатынас хабардың тұтастай жиынтығы» болып табылса, хабарды жүзеге асырушылар, яғни хабардың жеткізілуіне қатысушылар мыналар:

1. Белгілі бір ақпаратты, деректі хабарлайтын – Баяншы.
2. Ақпаратты жеткізетін – Тұлғалар.
3. Ақпаратты немесе деректі, хабарды – Қабылдаушы.

Баяншы – сыртқы ортадан алған әсерін, өзін қоршаған ортаны, өмірді, қоғамды сезініп, тү-

сінуден, пайымдаудан туған санадағы ой-пікірлерін түрлі тілдік амал-тәсілдер, құралдардың көмегімен ойын басқа біреуге жеткізуші, баяндаушы, яғни басқа біреумен тілдік қарым-қатынасқа түсуші.

Қабылдаушы – ақпаратты немесе хабарды қабылдап алып, оның мәні мен мағынасын тілдік тұлғалар арқылы түсініп, ой мен пайымдау арқылы өз санасынан өткізіп ұғыну, түсіну арқылы тілдік қатынасты ары қарай іске асырушы, яғни тілдік қатынасты жалғастырушы. Баяншы да, қабылдаушы да байланыс арқылы, тілдік қарым-қатынас арқылы әрекетке түседі. Тілдік қатынасты жүзеге асыратын үрдістерді тіл білімінде арнайы лингвистикалық терминдермен атайды. Тілдік қарым-қатынастағы хабарлауды – трансмиссия, ал қабылдауды – рецепция, хабар берушіні – трансмиссор, хабар қабылдаушыны – рецептив деп атайды. «Сонда тілдік қатынас жүзеге асу үшін Баяншыдан(Б) шыққан Хабар(Х) Тұлғалар (Т) арқылы Қабылдаушыға (К) келіп, одан ары қайтадан байланысқа түсіп, тілдік айналымда адамдардың бір-бірімен түсіністігін іс жүзіне асырады»[1,49]. Ғалым бұл жерде жалпы тіл біліміндегі канал, код терминдерін қазақ тіл білімінде тұлға деген жалпы атаумен беріп тұр деп түсіндік.

Тілдік қарым-қатынас жасауда хабарды қабылдаумен шектеліп, біржақты ғана процесс (үрдіс) деңгейінде қалып қалмау керек. Тілдік қатынас жасалу үшін қабылданған хабарға Қабылдаушы көңіл аударып, оны түсініп, қорытып, сарапқа салып, бағалап оған жауап қайтаруы керек. Бұл процесс жүзеге асқан жағдайда тілдік қатынас келесі сатыға көтеріліп, өз жалғастығын табады. Олай болса, тілдік қатынас кемінде екі адамның арасында болатын қатынас. Алайда, тілдік қарым-қатынас, өзара пікір алмасу тек екі адаммен шектелмейтінін ескергеніміз дұрыс. Ол бір адам мен ұжым арасында, екі топ арасында, белгілі бір мәселеге қатысты қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатында көпшілік арасында да болуы әбден мүмкін. Бұл ретте тілдік қатынас арқылы тарайтын хабардың маңыздылығы артады. Тілдік қатынас тілдің дыбысталу (естілу) және таңбалану (жазылу) жүйелері арқылы жүзеге асады. Демек, лингвистикада хабардың берілуі ауызша және жазбаша тілдік қатынаста іске асырылады. Ауызша тілдік қатынас адамның сөйлеу мүшелерінің, дыбыстау мүшелерінің қозғалысы арқылы пайда болады. Мұнда сөйлеу актілерінің әр түрлі қызметі (экспрессиясы, эмоциясы, байланыстырушылық қызметі) іске қосылады.

Ауызша қатынас адамдардың тікелей қарым-қатынасын қажет етеді. Ал жазбаша қатынаста адамдардың тікелей араласуы міндетті емес. Мұнда тілдік тұлғалар көзге көріну арқылы қатынасты жүзеге асырады. Мұндағы басты талап – тілдік тұлғалардың таңбалық көрінісінің болуы. Тілдік қатынас адаммен бірге, қоғаммен

бірге дамып келе жатқан табиғи, тарихи үдеріс. Ол қоғамда өзіндік рөлі бар, қоғамға аса қажет, қоғамның әлеуметтік қажеттілігін өтейтін аса күрделі құбылыс. Тілдік қатынас адамдар арасындағы ізгілік қарым-қатынастың қалыптасуына, қоғам-әлеуметтік идеялардың жүзеге асуына ықпал етеді.

#### Әдебиеттер

- 1 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері. Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 40-50б.; 63-б.
- 2 Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы: Наука. 1966. 81-б.
- 3 <http://vjanetta.narod.ru/lekcia8.html>
- 4 Ахметова Ж., Макеева Ж. Бейвербалды қарым-қатынастың ұлттық сипаты, мақала. [www.rusnauka.com/5.../9\\_129156.doc.htm](http://www.rusnauka.com/5.../9_129156.doc.htm)
- 5 Шубин Э.П. Языковая коммуникация и обучение иностранным языкам. – М.: Просвещение, 1978. 14-б.

#### References

- 1 Orazbaeva F.Sh. Tildik katynas negizderi. Okuluk. Almatu: Print-S, 2005. 40-50b.
- 2 Kenesbaev I., Zhanuzakov T. Russko-kazaxsky slovar lingvistisheskix terminov. Almatu: Nauka. 1966. 81-b.
- 3 <http://vjanetta.narod.ru/lekcia8.html>
- 4 Axmetova Zh. Makeeva Zh. Beiverbaldy karum-katunastun ulttuk sipatu, makala. [www.rusnauka.com/5.../9\\_129156.doc.htm](http://www.rusnauka.com/5.../9_129156.doc.htm)
- 5 Shubin E.P. Iazikovaia kommunikasia i obushenie inostrannim iazikam. Moskva: Prosveshenie, 1978. 14-b.